

**Выписка из протокола № 1
заседания МО
КГУ «Общеобразовательная школа имени 50 лет Октября»**

29.08.2023г

Повестка дня:

1. Рассмотрение и утверждение элективных курсов на 2023-2024 учебный год

Заслушали учителя казахского языка и литературы Магизамова Торемурата Серикович, который ознакомил с элективным курсом «Абайтану». Данный курс направлен на формирования у учащихся литературного понятия о великих личностей о явлениях, событиях, об облике личности Абая, о множественных трудах поэта. Воспитывает повышенное чувство патриотизма учащихся. Разширяет литературный кругозор учеников.

Решение: Элективный курс «Абайтану» учителя казахского языка и литературы Магизамова Т.С. рекомендовать к преподаванию 2023-2024 учебном году.


В голосовании приняли участие все присутствующие методического объединения в количестве 7 человек. Решение принято единогласно.

Руководитель МО



Габдуллина В.З.

Рассмотрено
на методсовете школы



Протокол № 1
«29» 09 2022г

Утверждено
директор школы
 С.Е. Сарсембинов



Согласовано
Заведующим РМЦ
 Жумагулова З.А



КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ КАЛЕНДАРНО-ТЕМАТИЧЕСКОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ Вариативный компонент. Элективный курс «Абайтану»

МУҒАЛІМ:

УЧИТЕЛЬ:

МАГИЗАМОВ ТОРЕМУРАТ СЕРИКОВИЧ

ОБЛЫС, ҚАЛА, АУДАН, АУЫЛ:

ОБЛАСТЬ, ГОРОД, РАЙОН,

СЕЛО:

Ақмола облысы, Жарқайың ауданы

МЕКТЕП, ГИМНАЗИЯ, ЛИЦЕЙ:

ШКОЛА, ГИМНАЗИЯ,

ЛИЦЕЙ:

«Октябрьдің 50 жылдығы

атындағы ЖОББМ» КММ КЛАСС: 9 Б

СЫНЫП:

ПӘН:

ПРЕДМЕТ: Қазақ тілі мен қазақ әдебиет

САҒАТ

САНЫ:

КОЛИЧЕСТВО

ЧАСОВ:

34сағат

«Абайтану»

элективті курсы бойынша

Элективті курстың мақсаты – Абай Құнанбайұлының қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы ретінде құбылыстық сипатын, бүкіл ақындық әлемін, өлең өнеріндегі өзгешелігін, шеберлігін танытуға бағытталған.

Бұл элективті курс өзіне төмендегідей міндеттерді жүктейді:

А) Абай Құнанбайұлы шығармашылығының зерттелу жайына тоқталып, абайтану ғылымының тарихынан мәліметтер беру;

Ә) Ұлы ақынның ғұмырнамасына байланысты тың деректерге шек сүйеп, ақынның жазба әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі орнын айқындау;

Б) Абайдың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығын айтып, өлең өрнектерін дамытудағы рөліне тоқталу;

В) Ғұлама ойшылдың философиялық нақыл сөздерінің мән – мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымы жайында сөз ету;

Г) Ақынның аудармадағы еңбегіне тоқталу, басқа ел шығармаларын қазақ тіліне аударудағы шеберлігін айқындау.

«Абайтану» элективті курсына Абай мұрасын жан – жақты әрі терең танытуға мүмкіндіктер жасай отырып, оқушылардың ғылыми танымын қалыптастырудағы басты нысана етіп алып отырмыз.

Бұл курста әр оқушы өзі таңдаған тақырыбы бойынша ізденіп, түрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасауына болады.

**«Абайтану»
элективті курс бойынша
күнтізбелік тақырыптық жоспар
9 сынып**

	Сабақтың тақырыптары	Сағ	Негізгі ұғымдар	Мерзімі
1 тоқсан-9 сағат				
1	Кіріспе. Адамзаттың Абайы	1	Пән туралы түсінік, мақсат-міндеттері. Абайтанудың өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Абайдың 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. Абайды оқыту, түсіндіру, жұртқа таныту жолындағы абайтану ғылымы мен қазақ мектебінің міндеті туралы.	
«Абайды білмек парыз ойлы жасқа» тарауын оқытуға – 10 сағат				
2	Абайдың өмірі	2	Ақын өмір сүрген заман, ата-тегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі; әлеумет ісіне араласуы, Абайдың рухани дүниетанымының өсу және қалыптасу кезеңдері;	
3	Ақынның халық даналығын тануы-	1	Абай ақындығының бастаулары, ақынның білім алған мектептері және білімін кеңейту арналары, ауыз әдебиеті Абайдың үлгі алған қайнар бұлағы, қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерін әжесі Зереден, халық ақындары Дулат, Шөже, Байкөкше, Балталардан есітіп, жадына тоқуы;	
4	Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар - 1сағат,	1	Абайдың араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеруі, шығыс әдебиеті Абайдың нәр алған рухани мектебі, Абайдың алғашқы шығармашылығына тән шығыстық сарындар, Абай шығармаларындағы шығыстық сипаттарды зерттеудің бүгінгі бағыт-бағдары, Абай шығармаларының шығысқа қатысы жайын түбегейлі қарастырып, ғылыми деңгейге көтерудегі Мұхтар Әуезовтің еңбегі, Абай шығармашылығына шығыс әсерінің М.Мырзахметұлының еңбектерінде жаңаша зерттелуі, Абай шығармашылығының шығыс әдебиетімен және шығыс мәдениетімен байланысын қарастырудағы жаңаша көзқарастар мен тың бағыт-бағдар	
5	Абай және орыс әдебиеті	1	Абайдың орыс әдебиетіне ден қоюы, орыстың ұлы классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен қатар революционер-демократ ағартушылар Герцен, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбектерін оқуы, ақын аудармаларының қазақ әдебиетін жаңа ой орамдарымен байытуы, Абай аудармаларының ерекшеліктері;	
6	Абай және Пушкин	2	Абайдың Пушкиннен аудармалары, ақын аудармасында көркем бейнелі ойдың ұлттық танымға сай тәржімалануы, «Онегиннің өлердегі сөзі» өлеңі Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі екендігі, аударманы	

			түпнұсқамен салыстыра оқығанда көрінетін ерекшеліктер;	
7	Қорытынды	1		
II тоқсан-7				
8	Абай және батыс әдебиеті -	2	Абай және батыс әдебиеті -2сағат, Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің тарихи-әлеуметтік негіздері, Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық ізденісіне ауыз әдебиетінің, шығыс, орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің зор ықпалы болғандығы, Абайдың өлең құрылымында да, ойшылдық, сыншылдық алымында да орыс әдебиетінің ықпалы бар екендігі, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысуы, Дж. Байрон «Көңілім менің қараңғы», А.Мицкевич «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И.В.Гете-М.Ю.Лермонтов «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдері;	
9	Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы.	1	Абай өлеңдерінің шет тілдерге аударылуы, өзге тілге тәржімаланған ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері.	
«М.Әуезов және абайтану мәселелері» тарауын оқытуға – 4 сағат				
10	Абай мұрасын зерттеушілер және абайтану ғылымының қалыптасуы,	2	Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, және т.б. зерттеушілердің ақын шығармалары жайында айтқан пікірлері;	
11	М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері	1	Абай мұрасы жайында, ақын мұрасын тану, насихаттау, таныту жолындағы ізденістер, Абай шығармашылығы турасындағы шығыс және батыс әдебиетіне қатысты мәселелер	
12	Ақын шығармаларының басылымдары	1	Ақын мұрасының XX ғасырдың алғашқы ширегінде жинақталуы, жариялануы және оған ықпал еткен адамдар, Кәкітай Ысқақұлының Абай шығармаларының ең алғашқы жинағын шығарудағы еңбегі.	
III тоқсан-10 сағат				
«Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы» тарауын оқытуға -10 сағат				
«Ғылымға көңіл берсеңіз» -5сағат				
13	«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»	1	Өлеңінің басты идеясы – жастарды ғылым, білімге үндеу, халықтың болашағы үшін ғылым-білімнің маңызын, мақсат-міндетін айқындауы, ғылым, білімді уағыздаған ағартушы ақынның ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы;	
14	«Интернатта оқып жүр»	1	Өлеңінің негізгі тақырыбы, білім алу, ғылым, өнер үйрену, ақынның ағартушылық-демократтық көзқарастары, жас шәкірттерге «Пайда ойлама, ар ойла» деп, артық білуге талап қылуды аманаттауы, отаршыл патша	

			өкіметінің жымысқы саясатына орай «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге» деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салуы, еңбексіз, ықылас-ынтасыз, михнатсыз нағыз ғылым, білімнің қолға түспейтінін айтуы;	
15	«Ғылым таппай мақтанба»	1	Өлеңінде жастарды еңбек етіп, оқу оқып, білім алуға шақыруы, ақынның өсиет айтып, келешекке бағдарлама боларлық өлеңі, өлеңнің тағылымдық-тәрбиелік мәні, ғалым болу мен адам болу мәселесінің өзара сабақтастығы жайындағы ақын пікірі, Абайдың ғылыми ой-пікір қорытуы;	
16	«Сегізінші» қарасөз	1	Қарасөзіндегі ақыл, насихат туралы пікірі, ғылым, білім, ар, ұят жайлы пайымдаулары, ақыл, білім жөніндегі философиялық тұжырымы;	
17	«Он жетінші» қарасөз	1	Қарасөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ой түйіні;	
18	«Жиырма бесінші» қарасөзі	1	Қарасөзінде озық елдердің өнерін, ғылымын, білімін үйреніп, зарарынан қашық, пайдасына ортақ болуға үндеуі, «Балаң бала болсын десең, оқыт» деп өсиет айтуы;	
19	Абай қарасөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі.	1	«Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» – 5сағат, Абай қарасөздерінде көтерілген негізгі мәселелер және даналық ой-пікірлері, ақынның халқына айтқан өсиет-насихаттары, қарасөздеріндегі пікірлерінің өлеңдерінде айтылатын ойларымен тығыз байланысы, өзіндік ерекшелігі;	
20	«Екінші» қарасөзі	1	Қарасөзіндегі ақынның халқын намысқойлыққа, еңбексүйгіштікке, іскерлікке шақырған идеялары, халықтың бойындағы жағымсыз қылықтарды сынап отырып, одан арылудың жолдарын көрсетуі, ұлттық дамудың тиімді экономикалық маңызын назарға салуы, еліне еңбекқорлықты, іскерлікті, мал табу жолдарын айтқан өсиетнамасы;	
21	«Оныншы» қарасөзі	1	Қарасөзіндегі бала тәрбиесі туралы ойы, «Ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқтығын» айта отырып, баланы оқуға, білім алу жолына бағыттаудың маңызын көрсетуі;	
22	«Он сегізінші» қарасөзі	1	Қарасөзіндегі киіну мәдениеті туралы көзқарасы, ақынның кербездік ұғымы жайындағы топшылау-тұжырымы, адам баласының ақыл, білім, ар, мінез сияқты нәрселермен озатындығын үлгі-өнеге етіп қалдыруы;	

23	«Он тоғызыншы» қарасөзі	1	Қарасөзінде Абайдың адамның естілігіне психологиялық, педагогикалық талдау жасауы, ақынның ес туралы ой тоқтамы, естігенді еске сақтаудың маңыздылығы жөніндегі ой-пікірі;	
24	«Отызыншы» қарасөзі	1	Қарасөзінде Абайдың адам мінездеріндегі жағымсыз әрекеттерді сынауы, ар, есті, намысты білмей тұрып, адамдық, арлылық, батырлық болмайтындығына қатысты тұжырымы, өлімнің, өмірдің мәні туралы философиялық танымы.	
«Абай танымындағы ән мен күй» тарауы-4 сағат				
25	Абай әндерінің таралуы-1сағат,	1	Ән мен күй, өнер құдіреті туралы толғанысы, жақсы әннің көкейге ой салатын эстетикалық мәні, Абай әндерінің мазмұны, халық арасына таралуы турасында, Абай әндерінің халық әндерімен ұқсастықтары және айырмашылықтары, Абайдың музыкалық туындыларындағы әуен мен ырғақтар;	
26	«Көңіл құсы күйқылжыр шартарапқа», «Құлақтан кіріп бойды алар»,	1	Ән мен күйдің халықтың өмірінде алатын орны, ақынның ән және күй өнері туралы пікірі, Абайдың қазақ музыка өнеріне енгізген жаңалығы хақында, Абай әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері.	
27	Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңдері мен күйлері, «Сегіз аяқ»,	1		
28	«Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас» әні	1		
Поэмаларын оқытуға – 2 сағат				
29	«Ескендір» поэмасы	2	Поэmanın тақырыбы мен идеясы және көркемдік маңызы, ақын поэмасының романтикалық және реалистік сипаты, поэманың сюжеті мен композициясы, эпикалық дастандағы Ескендір мен Аристотель образдары, Абайдың шағын поэма жазудағы шеберлігі.	

Пайдаланылға әдебиеттер:

1. Абай энциклопедиясы. Алматы. Атамұра, 1995ж
2. Абайдың өмірі мен творчествосы. Жинақ Алматы 1954ж
3. Әуезов М «Абайтану дәрістерінің дерек көздері» Алматы Санат 1997ж
4. Мырзахметов М. «Абайтану тарихы» Алматы Ана тілі 1994ж
5. Сүйіншіәлиев Х. «Абайдың қара сөздер» Алматы баспасы 1956ж